QAZAQ UNIVERSITETI

Апталық
1948 жылдың
20 сәуірінен
шыға бастады

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ | WWW.FARABI.UNIVERSITY | №30 (2032) 17 ТАМЫЗ 2026 ЖЫЛ

Қытайда ҚазҰУ филиалы ашылады

Қытайдың Сучжоу қаласында орналасқан Сучжоу университетінде Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің филиалы ашылады.





Келісімге Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен өткен Қазақстан-Қытай жоғары технологиялық компанияларының дөңгелек үстелі аясында қол жеткізілді.

Меморандумға Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев пен Сучжоу университетінің ректоры Чжан Цяо қол қойды.

Алғашқы оқу жылында үш білім беру бағдарламасы бойынша студенттер қабылданады. Атап айтқанда электротехника және жасанды интеллект бағыттары бойынша мамандар даярлау жоспарланған. Әр білім беру бағдарламасына 100 студенттен қабылдау көзделіп отыр.

«Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті филиалының Қытайда ашылуы бұл үлкен тарихи оқиға. Бүгінде Қытай тарапынан университетімізге деген қызығушылық артып келеді. Қазіргі таңда ҚазҰУ-да 7 мыңға жуық шетелдік студент білім алса, олардың 2 200-ге жуығы Қытайдан келген жастар. Бұл Қазақстанның жоғары білім беру жүйесіне деген сенім мен қызығушылықтың жылдан жылға артып келе жатқанын көрсетеді», – деді ҚазҰУ ректоры Жансейіт Түймебаев.

Сучжоу университеті ғылым, инженерия, медицина, гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар салаларында жоғары деңгейдегі білім мен ғылыми зерттеулерді жүзеге асырады. Ол Қытайдың ұлттық «Double First-Class» бастамасына енген жетекші университеттердің қатарында.

Бұған қоса, ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев пен Қытай Халық Республикасының Төрағасы Си Цзиньпиннің қатысуымен өткен Дүниежүзілік жасанды интеллект жөніндегі конференцияға Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев қатысты. Шанхайда өткен дәстүрлі жиын биыл «Жарқын болашақ үшін жасанды интеллект саласындағы серіктестік» тақырыбына арналды. Қасым-Жомарт Тоқаев Дүниежүзілік жасанды интеллект конференциясында жарияланған «Барша адамзат игілігіне қызмет ететін ЖИ» тұжырымдамасына қолдау білдірді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қытай Халық Республикасына жасаған сапары аясында Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Jiangsu Huibo Robotics Technology компаниясымен келісім жасады.

Қазақстан-Қытай жоғары технологиялық компанияларының отырысында Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев пен қытайлық компания басшылығы ресми құжатқа қол қойды.

Меморандум бұрын құрылып, жұмыс істеп тұрған «Цифрлық және зияткерлік шеберхананың» бірінші кезеңінің нәтижесіне сүйене отырып, аталған шеберхананың екінші кезеңін бірлесіп дамытуға бағытталған.

Сонымен бірге Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев Қытайға жұмыс сапары аясында Шанхай Цзяотун университетінің ректоры, академик Дин Куйлинмен кездесті. Тараптар білім беру, ғылым және инновация салаларындағы стратегиялық әріптестікті одан әрі дамытуға ниетті екендерін растап, ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды.

Кездесу барысында қос университеттің басшылары биыл сәуір айында Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Шанхай Цзяотун университеті және China Energy компаниясының бірлесуімен ашылған Сутегі энергетикасы орталығының табысты жұмысын ерекше атап өтті. Орталық сутегін өндіруге және сақтауға арналған заманауи жабдықтармен қамтамасыз етілген. Бүгінде бұл орталық ғылыми зерттеулер жүргізуге, «жасыл» сутегі өндірудің инновациялық технологияларын әзірлеуге және экологиялық таза энергетика саласына мамандар даярлауға арналған халықаралық ғылыми алаңға айналды.

Қос университеттің басшылары ҚазҰУ мен Шанхай Цзяотун университетінің зияткерлік, ғылыми және технологиялық әлеуетін біріктіру озық ғылыми зерттеулерді дамытуға, жаңа буынның жоғары білікті мамандарын даярлауға және Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы стратегиялық әріптестікті одан әрі нығайтуға ықпал ететініне сенім білдірді.

Тағы бір маңызды жаңалығымыз, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті мен қытайлық Tianjin Anhao Biotechnology Co., Ltd компаниясы бірлесіп Синтетикалық биотехнология орталығын құрады.

ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев Қытайға жасаған жұмыс сапары барысында Tianjin Anhao Biotechnology Co. Ltd компаниясының басшылығымен кездесті. Жүздесу қорытындысы бойынша тараптар ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды.

Кездесу барысында Жансейіт Түймебаев ынтымақтастықты кеңейтудің маңыздылығына тоқталып, Синтетикалық биотехнология орталығын құру Қазақстан мен Қытай арасындағы ғылым, білім және инновация салаларындағы байланысты нығайтуға ықпал ететінін атап өтті.

Нұрсұлтан БАЗАРБАЙҰЛЫ







2-бет
Қазақстандық ЖОО-ның алғашқы шетелдік филиалы



3-бет
Тимур ИМАНҚҰЛОВ:
Кванттық ЖИ зертханасы жаңа мүмкіндіктерге жол ашады



4-бет
Ғылыми-технологиялық әлеуетті арттыруға зор ықпал етті





Қазақстандық ЖОО-ның алғашқы шетелдік филиалы

Омбы қаласындағы Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің филиалына Омбы облысының ғылым, жоғары білім және ғылыми-технологиялық даму министрі Александр Кольцов, Ресей Федерациясындағы ҚР төтенше және өкілетті елшісі Дәурен Абаев, Ф.М.Достоевский атындағы Омбы мемлекеттік университетінің ректоры Иван Кротт, сондай-ақ Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев арнайы барды.

Филиал 2024 жылдың 27 қарашасында Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев пен Ресей Федерациясының Президенті Владимир Путиннің қатысуымен ашылған болатын. Бұл – Ресей Федерациясының аумағында ашылған қазақстандық жоғары оқу орнының алғашқы шетелдік филиалы.

Сапар барысында құрметті қонақтар филиалдың қызметімен және оны одан әрі дамыту перспективаларымен танысты. ҚазҰУ ректоры Жансейіт Түймебаев филиалдың материалдық-техникалық базасы мен білім беру мүмкіндіктері туралы ақпарат берді.

Оқу үдерісі жалпы ауданы 1 536 шаршы метрді құрайтын ғимаратта ұйымдастырылған. Мұнда 22 оқу-әдістемелік кабинет, компьютерлік және мультимедиялық орталық, заманауи кітапхана, сондай-ақ студенттерге арналған коворкинг аймақтары жұмыс істейді. Болашақ мамандарды даярлау үшін Шоқан Уәлиханов атындағы кеден ісі кабинеті, Абай Құнанбайұлы атындағы қазақ тілі кабинеті және Нәзір Төреқұлов атындағы халықаралық құқық кабинеті ашылған.

Делегация мүшелері филиалдың қабылдау комиссиясына да барып, 2026-2027 оқу жылына арналған қабылдау науқанының барысын көрді.





Қазіргі таңда мұнда «Халықаралық құқық», «Кеден ісі» және «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламалары бойынша мамандар даярлануда.

«Алғашқы қабылдау қорытындысы бойынша филиалға 68 студент оқуға қабылданды. ҚазҰУ 50 студентке төрт жыл мерзімге оқу ақысына 100 пайыздық жеңілдік ұсынды. Ресей тарапы 100 білім беру грантын бөлді. Жаңа оқу жылында 250-ге дейін талапкерді қабылдау жоспарланып отыр», – деді Жансейіт Түймебаев.

Нұрсұлтан ЖЕКСЕНБАЕВ

Жалғасы 8-бетте

Жошы ұлысы мұрасы терең зерттеледі

Ғылым ордасында «Жошы ұлысының тарихи-мәдени мұрасын зерттеудің перспективті бағыттары» тақырыбындағы кеңейтілген отырыс өтті.



Кеңейтілген отырысқа ҚР Ұлттық ғылым академиясының президенті Ақылбек Күрішбаев, модератор, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев, жетекші академиктер мен ғылыми-зерттеу ұйымдарының өкілдері, сондай-ақ Жошы ұлысының тарихын зерттеуші отандық сарапшылар – тарихшылар, археологтар, шығыстанушылар, деректанушылар мен палеонтологтар қатысты.

Жиында ҚР премьер-министрінің орынбасары – мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаеваның құттықтау хаты оқылды. Хатта: «Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Жошы ұлысының тарихи-мәдени мұрасын жүйелі әрі кешенді зерттеулерге ерекше мән беріп келеді. Осы бастамаларды ғылыми тұрғыдан іске асыру ұлттық тарихымызды жаңа деректермен толықтырып, оның әлемдік тарихнамадағы орнын айқындауға мүмкіндік сыйлайды. Бұл ретте бүгінгі басқосу уақыт талабынан туындаған маңызды қадам деп білемін», – делінген.

ҚР Ұлттық ғылым академиясының президенті Ақылбек Күрішбаев Жошы ұлысының тарихи-мәдени мұрасын зерттеуді жаңа ғылыми деңгейге көтеру қажеттігін атап өтті.

«Жошы ұлысының мемлекеттік басқару жүйесін, дипломатиялық тәжірибесін, экономикалық құрылымын, зияткерлік және рухани мұрасын кешенді түрде зерделеу қажет. Президент Алтын Орда тарихын тек әскери-саяси тұрғыдан бағалаумен шектелуден бас тартып, оны ауқымды өркениет парадигмасы аясында қарастыруды тапсырды. Бүгінгі кеңейтілген отырыстың мақсаты – жинақталған тәжірибені саралап, алдағы кезеңдегі зерттеу басымдықтарын бірлесе айқындау», – деді ректор Жансейіт Түймебаев.

Шара қорытындысы бойынша Жошы ұлысының тарихи-мәдени мұрасын зерттеудің перспективті ғылыми бағыттарын айқындау, осы бағыттағы ғылыми жобаларды үйлестіру, цифрлық зерттеу инфрақұрылымын қалыптастыру және халықаралық ғылыми ынтымақтастықты кеңейту жөніндегі ұсыныстар әзірленді.

Ғылыми зертханалардың жұмысы жандanады

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаевтың төрағалығымен Ғылыми-техникалық кеңестің кезекті отырысы өтті.



Жиынға факультет декандары, университеттің оқытушы-профессорлар құрамы, ғалымдар мен жас зерттеушілер жиналды.

Іс-шарада оқу ордасында жүзеге асырылып жатқан ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелері талқыланып, алдағы кезеңге арналған басым бағыттар айқындалды.

Алдымен ғылыми-инновациялық қызмет жөніндегі проректор Марғұлан Ибраимов баяндама жасады. Өз сөзінде проректор доценттер мен профессор-зерттеушілердің индикативтік жоспарын орындау қорытындыларына тоқталып, атқарылған жұмыстардың нәтижелерін таныстырды. Баяндамашы сондай-ақ диссертациялық жұмыстарды қорғау мәселелеріне тоқталды.

Жиын барысында Ғылым және инновациялық қызмет жөніндегі департамент директоры Қуаныш Тастамбектің баяндамасы тыңдалды.

Департамент басшысы университет ғалымдары үшін ScienceDirect дерекқорын тиімді пайдалану мүмкіндіктері мен оның қолдану тәртібін түсіндірді. Бұған қоса, Қуаныш Тастамбек қазіргі уақытта факультеттерді аралау және ғылыми-зерттеу инфрақұрылымының жағдайын зерделеу жұмыстары жүргізіліп жатқанын жеткізді.

Отырысты қорытындылаған ректор Жансейіт Түймебаев ғылыми жобалардың нақты нәтижеге бағытталуын, қолда бар зертханалық базаны тиімді пайдалану және ғалымдарға қолайлы ғылыми орта қалыптастыруды тапсырды.

Нұрсұлтан БАЗАРБАЙҰЛЫ

Danacoid компаниясы өкілдерімен кездесу

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев шанхайлық Danacoid мультимедиялық компаниясының өкілдерімен кездесті.



Жүздесуде университеттің цифрлық және мультимедиялық инфрақұрылымын жаңғырту, заманауи технологияларды білім беру мен ғылыми қызметке енгізу, сондай-ақ ұзақ мерзімді әріптестікті дамыту мәселелері талқыланды.

Басқосу барысында тараптар ҚазҰУ кампусында «Smart Campus» жүйесін кезең-кезеңімен енгізуге ерекше назар аударды. Атап айтқанда мультимедиялық, аудиовизуалды және цифрлық ақпараттық ресурстардың орталықтандырылған басқару жүйесін құру, оқу аудиторияларын интерактивті панельдермен және заманауи бейнесигнал тарату жүйелерімен жабдықтау, аудиториялар, ректорат пен мәжіліс залдарында жоғары айқындықтағы бейнебайланысты пайдалану мүмкіндіктері қарастырылды.

Жүздесу қорытындысы бойынша Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, шанхайлық Danacoid мультимедиялық компаниясы және «AIS KAZAKHSTAN» ЖШС үшжақты меморандумға қол қойды.

Айнұр АҚЫНБАЕВА

Қазіргі таңда кванттық технологиялар әлемдік ғылым мен жоғары технологиялардың ең қарқынды дамып келе жатқан және болашағы зор бағыттарының бірі. Сарапшылардың пікірінше, бұл технологиялар өз уақытында интернет пен жасанды интеллект қандай өзгеріс әкелсе, болашақта дәл сондай ауқымды технологиялық серпіліс жасауға қабілетті екенін естіп-біліп жүрміз. Осыған орай, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың ақпараттық технологиялар және жасанды интеллект факультетінің деканы, PhD, қауымдастырылған профессор Тимур Иманқұловқа «Qazaq universiteti» газетінің тілшісі бірнеше сауал қойған еді. Бүгін сол әңгімені оқырман назарына ұсынамыз.



Тимур ИМАНҚҰЛОВ,
ақпараттық технологиялар және жасанды интеллект факультетінің деканы, PhD, қауымдастырылған профессор:

Кванттық ЖИ зертханасы жаңа мүмкіндіктерге жол ашады



– Тимур Сәкенұлы, кванттық технологияны көзімізге қалай елестетуге болады?

– Мұны былай түсінуге болады. Егер дәстүрлі компьютерлер ақпаратты тек 0 немесе 1 мәндерін қабылдайтын биттер арқылы өңдесе, мәселен, кванттық компьютерлер ақпаратты кубиттер көмегімен өңдейді. Кванттық механиканың суперпозиция және кванттық шатасу (entanglement) қағидаларының арқасында мұндай жүйелер кейбір күрделі есептерді классикалық компьютерлерге қарағанда әлдеқайда тиімді орындай алады. Бұл өз кезегінде ғылым мен инженериядағы бұрын шешімі қиын болып келген мәселелерді шешуге мүмкіндік береді.

Соған сәйкес, бүгінде АҚШ, Қытай, Еуропалық одақ елдері, Канада, Жапония, Оңтүстік Корея және Австралия кванттық технологияларды дамытуға миллиардтаған доллар инвестиция салуда. IBM, Google, Microsoft, Intel, Amazon, IonQ, Rigetti сияқты әлемдік жетекші технологиялық компаниялар кванттық компьютерлерді, жаңа алгоритмдерді және бағдарламалық қамтамасыз етуді дамыту бағытында ауқымды жұмыстар жүргізуде.

Алдағы жылдары кванттық есептеулер жасанды интеллект, жаңа материалдар мен дәрілік препараттарды әзірлеу, қаржы, энергетика, логистика, телекоммуникация, өнеркәсіп және киберқауіпсіздік салаларында кеңінен қолданылатыны жайында түрлі болжамдар көп. Сондықтан көптеген мемлекеттер бүгіннің өзінде кванттық технологиялар бойынша мамандар даярлап, арнайы ғылыми орталықтар мен зертханалар құруда. Бұдан біздің ел де шет қалып жатқан жоқ. Кванттық технологияларды игеруге алғашқы қадамдар жасалып жатыр. Осы стратегиялық маңызды бағыттың елімізде қарқынды дамуына қоғам мүдделі.

– Соның айғағы таяуда ашылған Quantum AI Laboratory – еліміздегі жаңа ғылыми бастама екенін білеміз.

– Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Quantum AI Laboratory – кванттық жасанды интеллект зертханасы ашылды.

Зертхананың негізгі мақсаты – кванттық есептеулер, кванттық жасанды интеллект және кванттық технологиялар саласында іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізу, жаңа кванттық алгоритмдер мен бағдарламалық шешімдерді әзірлеу, жоғары білікті мамандар даярлау, сондай-ақ халықаралық ғылыми ынтымақтастықты дамыту.

Бұған қоса, зертхана Қазақстанда кванттық технологиялар саласындағы заманауи ғылыми-зерттеу экожүйесін қалыптастыруға және отандық ғылымды әлемдік ғылыми қауымдастықпен ықпалдастыруға бағытталып отыр. Бұл өте ауқымды жұмыс. Бізге үлкен жауапкершілік артылып отырғанын да түсінеміз. Сондықтан осы бағыттағы ізденістерімізді жалғастыра береміз.

– Факультетте ашылған зертханада Қазақстандағы алғашқы портативті кванттық компьютерлер сатып алынды. Олардың қабілеті қандай?

– Жаңадан ашылған зертхананың маңызды жетістіктерінің бірі Қазақстанда алғаш рет портативті кванттық компьютерлердің сатып алынуы болды.

SpinQ Technology Inc. компаниясымен жасалған ынтымақтастық нәтижесінде зертхана SpinQ Gemini Mini/Mini Pro үлгісіндегі жеті портативті кванттық компьютермен жабдықталды. Бұл құрылғылардың әрқайсысы екі кубиттен тұрады және кванттық есептеулердің негіздерін оқытуға, кванттық алгоритмдерді әзірлеуге және сынақтан өткізуге, сондай-ақ ғылыми зерттеулер жүргізуге арналған тиімді платформа болып саналады. Осынау жабдықтардың сатып алынуы Қазақстандағы кванттық ғылымның дамуына жасалған маңызды қадам десек, артық айтқандық емес. Енді студенттер мен зерттеушілер әлемдік компаниялардың бұлттық кванттық платформаларын ғана емес, зертхананың өзіндегі нақты кванттық компьютерлерде де тәжірибелік жұмыстар жүргізуге мүмкіндік алады. Мұны білім алушылар мен зерттеушілерге жасалып отырған қамқорлық деп түсінген жөн шығар.

– Келешекте Quantum AI Laboratory қандай жобаларды іске асырады?

– Ғылыми зерттеулердің негізгі бағыттары туралы айтар болсам, алдағы жылдары Quantum AI Laboratory мынадай жобаларды жүзеге асыруды жоспарлап отыр:

- кванттық машиналық оқыту және кванттық жасанды интеллект алгоритмдерін әзірлеу;
- энергетика, логистика, көлік және өнеркәсіп салаларына арналған кванттық және кванттық-инспирацияланған оңтайландыру әдістерін жасау;
- кванттық есептеулер арқылы күрделі физикалық, химиялық және биологиялық үдерістерді модельдеу;
- білім беру мен ғылыми зерттеулерге арналған кванттық бағдарламалық платформалар мен симуляторларды әзірлеу;
- кванттық криптография және ақпараттық қауіпсіздік саласындағы зерттеулер жүргізу;
- халықаралық университеттермен, ғылыми орталықтармен және жоғары технологиялық компаниялармен бірлескен ғылыми жобаларды іске асыру.

Ескере кететін бір жайт, ғылыми жұмыстарды орындау барысында зертхананың меншікті кванттық компьютерлері де, әлемнің жетекші компанияларының бұлттық кванттық платформалары да пайдаланылатын болады.

– Енді жаңа буын мамандарын даярлауды да қолға аласыздар ғой?

– Әрине. Quantum AI Lab қызметінің маңызды бағыттарының бірі – кванттық технологиялар саласында жоғары білікті мамандар даярлау.

Бакалавриат, магистратура және докторантура студенттері ғылыми жобаларға қатысып, дипломдық және диссертациялық жұмыстарын орындай алады, ғылыми тағылымдамалардан өтіп, кванттық есептеулер мен кванттық жасанды интеллект саласындағы нақты зерттеу жобаларына қатысу мүмкіндігіне ие болады.

Сонымен қатар зертхана аясында арнайы оқу пәндерін әзірлеу, ғылыми семинарлар, шеберлік сабақтары, жазғы мектептер және кванттық жабдықтарды пайдалана отырып практикалық сабақтар өткізу жоспарланып отыр.

– Демек, осының бәрі Қазақстанның цифрлық болашағына қосылатын серпінді үлес емес пе?

– Кванттық технологиялардың дамуы еліміздің цифрлық экономикасы мен технологиялық тәуелсіздігін нығайтуда маңызды рөл атқарады.

Зертханада даярланатын мамандар жасанды интеллектінің жаңа алгоритмдерін, үлкен деректерді өңдеу әдістерін, киберқауіпсіздік құралдарын және экономиканың түрлі салаларына арналған жоғары тиімді оңтайландыру алгоритмдерін әзірлеуге үлес қосады.

Болашақта кванттық технологиялар энергетикада, қаржы секторында, денсаулық сақтауда, көлік пен логистикада, телекоммуникацияда, өнеркәсіпте және ғылыми зерттеулерде кеңінен қолданылатын болады.

ҚазҰУ-да Quantum AI Laboratory зертханасының ашылуы – Қазақстанда кванттық технологиялар саласындағы ұлттық ғылыми мектепті қалыптастыру жолындағы маңызды қадам. Алғашқы портативті кванттық компьютерлердің іске қосылуы, заманауи ғылыми инфрақұрылымның құрылуы және халықаралық серіктестіктің дамуы елімізде әлемдік деңгейдегі мамандар даярлауға және инновациялық ғылыми жобаларды жүзеге асыруға жаңа мүмкіндіктер ашады.

– Әңгімеңізге рақмет.

Сұхбаттасқан
Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ





Ғылыми-технологиялық әлеуетті арттыруға зор ықпал етті



Өмірбек Арысланұлы Жолдасбеков 1931 жылы 1 наурызда Оңтүстік Қазақстан облысы Шымкент ауданының Қызылсу ауылында дүниеге келген. 1949 жылы Шымкент қаласындағы Сыпатаев атындағы мектепті алтын медальмен аяқтап, сол жылы М.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің механика-математика факультетіне оқуға қабылданды.

Өмірбек Арысланұлы – Қазақстанның еңбек сіңірген ғылым қайраткері, жоғары білім беру жүйесі мен инженерлік ғылымды дамытуға айрықша үлес қосқан мемлекет және қоғам қайраткері. Ол Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының, халықаралық және республикалық инженерлік академиялардың академигі, техника ғылымдарының докторы, профессор, механизмдер мен машиналар теориясы және робототехника саласының әлемге танылған маманы болды.

1970-86 жылдары Өмірбек Арысланұлы С.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің ректоры қызметін атқарып, еліміздегі жетекші жоғары оқу орнының дамуына стратегиялық серпін берді. Оның басшылығы кезеңінде университеттің материалдық-техникалық базасы едәуір нығайып, оқу-ғылыми инфрақұрылым кеңейтілді, жаңа факультеттер мен зертханалар ашылды. Университет қалашығының кешені салынып, «КазГУград» жобасы Қазақстан жоғары мектебінің символына айналды.

Өмірбек Арысланұлы Жолдасбековтің басшылығымен университет халықаралық білім беру кеңістігіне интеграцияланып, беделді жоғары оқу орындарының халықаралық қауымдастығына қабылданды. Ол ғылым мен білімді жаңғырту бағытында жүйелі реформалар жүргізіп, болашаққа бағдарланған кадр даярлау ісін жолға қойды.

Өмірбек Арысланұлының көреген бастамалары нәтижесінде қолданбалы математика, механика, бағдарламалау және есептеу техникасы салалары қарқынды дамыды. Электрондық есептеуіш машиналардың жаңа буындары оқу үдерісіне енгізіліп, Мәскеу, Санкт-Петербург, Новосибирск сияқты ғылыми орталықтармен кәсіби байланыстар нығайтылды. Жас ғалымдардың біліктілігін арттыруға ерекше мән берілді.

Осы берік негіздің арқасында бүгінгі таңда университетте ақпараттық технологиялар және жасанды интеллект факультеті мен Компьютерлік ғылымдар кафедрасы табысты жұмыс істеуде. Мұнда бакалавриат, магистратура және PhD деңгейлерінде заманауи білім беру бағдарламалары жүзеге асырылып, жасанды интеллект, машиналық және терең оқыту, нейрондық желілер, тілдік модельдер, киберқауіпсіздік және Smart технологиялар бағыттары қамтылған.

Кафедра жанынан құрылған ғылыми-зерттеу зертханалары инновациялық жобаларды жүзеге асырып, цифрлық трансформация мен интеллектуалды технологиялардың дамуына елеулі үлес қосуда.

Өмірбек Жолдасбековтің тарихи қызметі Қазақстандағы жоғары білім мен ғылымның институционалдық дамуына берік негіз қалап, елдің ғылыми-технологиялық әлеуетін арттыруға зор ықпал етті. Оның еңбегі – ұлттық білім мен ғылым тарихындағы тағылымды мұра.

Тиыштық ХАКИМОВА,
Компьютерлік ғылымдар кафедрасының доценті

Назгүл ЗАКАРИЯНОВА,
аға оқытушы

Кешегі түлек – бүгінгі мақтанышымыз

Аида Нұрғалиқызы студенттік шағын 2006 жылы қасиетті қара шаңырақ Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Гидрометеорология» мамандығына оқуға түсумен бастап, 2010 жылы «Метеорология» мамандығы бойынша жаратылыстану бакалавры дәрежесін қызыл диплом алумен аяқтады. Бакалавриатта оқып жүргенде өзін білімді, ұқыпты және жауапты тұлға ретінде көрсете білді. Университет өміріне белсене араласып, сүйікті университетіміздің өркендеуіне өз үлесін қосу үшін факультет белсенділері қатарына қосылды. Алғашында студенттер мәслихатының хатшысы қызметінен бастап, кейіннен «Сұңқар» студенттер кәсіподағының факультет төрайымы қызметімен жалғастырды.

Факультет және университет өмірінде белсенділік танытқаны үшін 2009 жылы «Үздік студенттер» слетінде сол кездегі тәрбие жөніндегі проректор Шолпан Жамбалаева «Үздік көшбасшы студент» атағымен марапаттады. 2-курстан бастап ҚР Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев стипендианты атанды. 2008 жылдан бастап Студенттер сенатында баспасөз хатшысы қызметін атқарып, университеттің жетістіктерін бұқаралық ақпарат құралдарында насихаттады. 2009 жылы Білім және ғылым министрлігінің ұйымдастыруымен өткен ғылыми зерттеу жұмыстары байқауында жүлделі 2-орынды иеленіп, сол кездегі білім және ғылым министрі Жансейіт Қансейітұлы Түймебаев мырзаның алғыс хатымен марапатталды. 2010 жылы университет ректоры Бақытжан Жұмағұлов мырзаның шешімі бойынша университеттің 13 факультетінен ең үздік 13 студентке магистратураға жолдама берілгенде Аида Нұрғалиқызы магистратураға жолдама алды. Магистратурада оқу барысында ғылыми зерттеу жұмыстарына көбірек көңіл бөліп, «Жандаев оқулары», «Ғылым әлемі» сияқты халықаралық жас ғалымдар конференцияларында жүлделі орындарды иеленді. Магистратурада оқып жүргенде әртүрлі экология мәселелеріне бағытталған ғылыми жобаларға қатысып, ғылымға деген қызығушылығын арттыра білді. Магистрлік диссертацияны «Жер беті озон қабаты» тақырыбында сәтті қорғап шығып, 2012 жылы жаратылыстану ғылымдарының магистрі академиялық дәрежесіне ие болды.

Аида Нұрғалиқызы еңбек жолын 2012 жылы ҚазҰУ-дың география және табиғатты пайдалану факультеті Метеорология және гидрология кафедрасында оқытушы ассистенті дәрежесінен бастап, қазіргі уақытта аға оқытушы қызметін атқаруда. «Аймақтық синоптикалық метеорология», «Авиациялық метеорология», «Физикалық метеорология», «Метеорологиядағы өлшеу әдістері», «Жаһандық климаттың өзгеруі», «Климаттық инновациялар және тұрақты даму» және т.б. оқу пәндерінен білім береді. Білім берумен қатар, білім алмасуды да тұрақты түрде тәжірибеден өткізеді. CSSTEAP, Dehradun ұсынған «Online Short Course on «Remote Sensing and GIS Technology and Applications» онлайн курсы (2020), Researcher Academy On Campus ұсынған «How to publish your article in indexed journal: 3 steps to success. Part 1» (2021) және «How to enhance your authors profile and find collaborations» (2021) семинарларын, ESRI ұсынған Introduction to GIS курсы (2024), WMO ұсынған WMO-CIMSS forecaster курсы (2024), ҚазҰУ Біліктілікті арттыру институты ұсынған «Аймақтық синоптикалық метеорология» (2025) және «Ғылыми зерттеулердегі заманауи құралдар» курстарын (2025) аяқтап, сертификаттарға ие болған.



Аида Нұрғалиқызы оқу үдерісмен қатар, кураторлық-эдвайзерлік жұмысты қатар алып жүріп, «Метеорология» білім бағдарламасы бойынша студенттік топтарға куратор-эдвайзер қызметін атқарды. Студенттермен тығыз қарым-қатынас орнатып, мәдени-рухани іс-шаралар ұйымдастырып, музей, театр, көрмелерге барып, студенттердің тұлғалық, рухани, кәсіби дамуларына үлкен үлес қосты. Аида Нұрғалиқызының эдвайзерлік тобындағы студенттер бүгінде білімді, білікті мамандар: Тұрсын Тілләкәрім – PhD докторы, РМК «Казгидромет», ҒЗО басшысы; Бауыржан Рүстембек – Пиза университетінің магистранты (Италия), Оңтүстік Флорида университетінің докторанты (АҚШ), Erasmus бағдарламасы (Испания), Меруерт Құрманова – PhD докторы; сонымен қатар РМК «Қазаэронавигация», РМК «Қазгидромет» ұйымдарында синоптик, метеоролог, климатолог мамандары қызмет етуде.

Аида Нұрғалиқызы ғылыми-зерттеуді де ерте бастап, 30 жасында, яғни 2018 жылы Бішкек қаласының И.Арабаев атындағы Қырғыз мемлекеттік университеті және Ош мемлекеттік университеті, Қырғыз Республикасы Білім және ғылым министрлігінің диссертациялық кеңесі, Қырғыз Республикасының ЖАК 25.00.36 – «Геоэкология» мамандығы бойынша ИКД №002215 кандидаттық диссертациясын қорғап, география ғылымының кандидаты дәрежесін алды.

Ғылыми-зерттеу жұмыстарына да белсене араласып, «Табиғи ресурстарды пайдалануды оңтайландырудың және климаттың өзгеруі жағдайында тұрақты дамуды қамтамасыз етудің ғылыми негіздері» тақырыбы бойынша ҚР БҒМ жобасына қатысты (2011-2014 жж.). Сондай-ақ қазіргі уақытта BR24993222 бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру шеңберінде Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландыратын «Тұрақты даму аясында Солтүстік Қазақстан облысының аумағын табиғи-шаруашылық жайластыру үшін шешімдер қабылдауды қолдау жүйесін құру» ғылыми жобасының қатысушысы.

Қазіргі таңда Аиданың ғылыми-зерттеу бағыты Тұрақты даму мақсаттарының 13-бағыты, яғни климаттың жаһандық өзгеруі мен оған бейімделу аясына сәйкес келеді. Кафедра аясында климаттың аймақтық өзгерістері, соған байланысты туындайтын қауіпті метеорологиялық құбылыстарды болжау және олардың алдын алу шаралары бойынша ғылыми жұмыстар жүргізілуде. Бұл зерттеулердің нәтижелері табиғи апаттардың алдын алуға, халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, ауыл шаруашылығы мен авиация саласының тиімділігін арттыруға, сондай-ақ күнделікті ауа райы болжамының сапасын жақсартуға бағытталған. Аида Нұрғалиқызы бірлесе жазған үш оқу құралының, 25-тен аса ғылыми еңбектің авторы.

Аида Нұрғалиқызы қоғамдық жұмыстарға да белсене араласып, оқу үдерісі бойынша география және табиғатты пайдалану факультетінің оқыту және білім беру сапасы бойынша академиялық комитетінің мүшесі, кафедра оқытушыларының оқу-әдістемелік кешендерінің сапасын тексеріп, білім сапасын жақсарту бойынша әдістемелік жұмыстар атқаруда.

Жыл басында Аида Нұрғалиқызы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың тікелей тапсырмасымен жас ғалым ретінде пәтер сертификатын иемденді. Осындай қолдау мен сенім үшін Мемлекет басшысына, Ғылым және жоғары білім министрлігіне, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ұжымына және ғылымның дамуына үлес қосып жүрген барша азаматтарға шынайы алғысын білдіреді. Бұл сенімді ақтау жас ғалымдардың басты міндеті деп есептейді.

Біз кешегі түлегіміз, бүгінде кафедрамыздың мақтанышына айналған Аида Нұрғалиқызының ғылыми жолына сәт-сапар тілейміз.

Әлия ЖЕКСЕНБАЕВА,
доцент м.а., география ғылымының кандидаты

Академиялық тәжірибе алмасты

Білім беру саласындағы халықаралық ынтымақтастықтың маңызы артып келе жатқан заманда өзара тәжірибе алмасу білім сапасын арттырып, студенттерге жаңа мүмкіндіктер ашады.

Осындай мақсатпен ҚазҰУ-дың Түркітану және тіл теориясы кафедрасының оқытушы-профессорлары мен Қарақалпақстан Республикасы Бердақ атындағы Қарақалпақ мемлекеттік университеті өзбек филологиясы факультетінің Қазақ тілі және әдебиеті кафедрасынан PhD, доцент Гүлшат Адилова, PhD Ақмарал Серікбаева, Өзбек тілі және әдебиеті кафедрасынан доцент Назира Янгибаева, Зулфия Асаматдинова, Түркмен тілі және әдебиеті кафедрасынан Саят Авезклычева, қарақалпақ филологиясы және журналистика факультеті Қарақалпақ тіл білімі кафедрасынан доцент Гүлжаһан Алламбергенова, Практикалық филология кафедрасынан доцент Қызларгүл Усенова, Гөззал Атабаева академиялық тәжірибе алмасты.



Олар ф.ғ.д., профессор Р.Авакова, Г.Мадиева, ф.ғ.д., доцент Ж.Ибраева, ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор С.Бектемірова, PhD Ш.Таубайқызы, оқытушы Қ.Әшірқұлов т.б. оқытушы-профессорлардың сабағына қатысып, оқыту әдістемелері мен академиялық бағыттар туралы өзара пікір бөлісті. Түркітану және лингвистика мамандығының студенттері, магистранттары мен докторанттары өзбекстандық ғалымдармен еркін пікір алмасып, түркітану және лингвистика ғылымының өзекті мәселелерін талқылау мүмкіндігіне ие болды.



Өзбек филологиясы факультетінің Қазақ тілі және әдебиеті кафедрасының доценті, PhD Гүлшат Ағытайқызы «6В02209 – Түркітану» ББББ 3-курс студенттеріне «Түркі тілдерінің тарихы» пәнінен «Графикалық лингвистиканың негізгі тараулары. Графикалық лингвистика, мақсаты, міндеттері, зерттеу нысаны» тақырыбында ашық сабақ өтті. Студенттерге өзінің тәжірибесі негізінде графика тарихы, жазу түрлері туралы кең түсінік берді.

Біліктілікті арттыру курсына келген тыңдаушылар университетіміздің оқытушы-профессорының сабақтарын жоғары деңгейде бағалап, олардың кәсіби шеберлігін, студенттердің белсенділігі мен білім деңгейін ерекше атап өтті. Өз пікірлерінде білім беру жүйесі мен түркітану, лингвистика саласындағы жетістіктерді жоғары бағалап, алдағы уақытта да осындай ынтымақтастық жалғасын табатынына сенім білдірді. Тәжірибе алмасу Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы білім беру саласындағы ынтымақтастықтың нығаюына, оқытушы-профессорлар, студенттер, магистранттар мен докторанттардың өз білімдерін толықтырып, халықаралық тәжірибе жинақтай алуына ықпал ететін маңызды қадам болды.

Шолпан КУДЬЯРОВА,
оқытушы, PhD

Гүлжамал ҚОРТАБАЕВА,
ф.ғ.к., аға оқытушы

Ғылым жолында өз қолтаңбасы бар еді

Халқымыздың «аға» деген сөзінде жылылық пен ерекше қасиет бар. Ағалардың болмысынан, сипатынан әрқашан көктемдей көңіл кеңдігін сезінбейтін кезіміз болмас. Өмірінде жақсы ағалар көп ұшырасқан адамның жолы болғыш келеді. Олардың қамқорлығын көрген інілер, кейінгі толқын жастар осындайда аға үмітін ақтауға тырысып, биіктерге талпынып ұмтылады.

Мұндай ағалар ешкімді елге, жерге бөліп алаламайды. Тек ісіне, сөзіне, ізгілігіне, таланты мен талабына, дарыны мен қарымына қарайды. Ағалардың бір ауыз жылы сөзі, сағаң деген сенімі қанаттандырады, титтей талабыңды таудай қылады, алдыңнан алыс қияндарға жол ашады. Қылышбай ағам осындай адам еді. Болмысы жарқын, кісіге болсын деп жүретін бауырмал жан еді. Кейде қиын сәттерде тез шешім табады. Уәделі. Бір сөзді. Қазақта «менің» деп меншіктеп айту бауырмалдық пен ескі көшпенділік дәстүрдің жалғасы деп білемін, яғни «менің далам», «менің елім», «менің жерім» т.б. айтылады. Сол ағамызға естелік жазу өте қиын екен. Дегенмен жазуға тура келеді, себебі Қылышбай ағаны бүкіл Атырау елі жақсы біледі, әсіресе педагогтер қауымы. Бұрын Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде оқытушыдан бастап, факультет деканы қызметтерін атқарып жүріп, БАҚ-та үнемі жастар тәрбиесі, ұлттық құндылықтар туралы мақалалар жазып жүретін. Ол кісі Атырау өңіріне ғана емес, елімізге белгілі ұстаз Құсиын Айтқалиұлының педагогикалық мұрасы мен іс-тәжірибесін түгендеп, ғылыми айналымға енгізіп, бірнеше рет ғылыми конференция ұйымдастырды. Сонымен қатар озат ұстаздарға арнап «Құсиын Айтқалиұлы» төсбелгісін жасатып, бірнеше ұстазды марапаттаған еді. Оның республикалық «Ұстаздық еңбек» газетінің құрылтайшысы ретінде елге сіңірген еңбегі зор. Елдегі ұстаздардың мүддесін қорғап, үнемі әділеттіліктің жанашыры мен қорғаушысы болды.



Қылышбай ағай қазақ журналистикасының тарихын зерттеген еліміздегі сананулы ғалымдардың бірі болатын. Себебі баспасөз тарихы өте күрделі және тарихи деректерді терең зерттеуге арналған. Ол 2008 жылы М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті жанындағы диссертациялық кеңесте «Батыс Қазақстандағы баспасөздің дамуы (1917-1940 жж.)» тақырыбында диссертация қорғап, тарих ғылымының кандидаты ғылыми дәрежесіне ие болды. Сол саланы ерінбей зерттеп, қазақ халқының баспасөз тарихын түгендеген еді. Өзінің саналы ғұмырын елге қызмет етуге арнаған, ғылым мен сөз өнерін, ұстаздық пен қоғамдық қызметті бір арнада тоғыстырған көрнекті тұлға еді. Ол ұрпақ тәрбиесінде, журналистика мен білім саласында, азаматтық ұстаным мен әділ пікірдің үлгісін көрсете білді. Қай қызметте жүрсе де, ел мүддесін биік қойып, жауапкершілік пен парасаттың адал жолынан тайған емес.

Қылышбай ағамыздың бойына біткен қасиет – ол ауылдағы үлкен қариялардың өнегесінен тәлім алған тәрбиесі болатын. Ол кісінің өнегелі қасиеттерінен әр адам өзіне тәрбие алар деген оймен түсіндіруге талпындым.

Ағамыз бар ғұмырын ұлттық журналистика тарихын зерттеуге арнаған еді. Зерттеу жұмысында журналистика тарихын мұрағат құжаттарымен тиянақты қарастырып, ғылыми айналымға енгізген болатын. Ол қазақ журналистикасының теориясы мен тарихын зерттеген көрнекті маман ретінде танылды. Қылышбай Сүндетұлының қызметін бірнеше бағытта бағалауға болады: өңірлік тарихты жүйелеп, Атырау облысының тарихи деректерін ғылыми айналымға енгізді; журналистика теориясын дамытуға үлес қосып, қазақ баспасөзінің құрылымын жаңаша түсіндірді; қоғамдық қызмет атқарып, білім саласындағы әлеуметтік мәселелерді көтерді.

Ғалымның негізгі зерттеу нысаны – Қазақстандағы, әсіресе Батыс өңіріндегі баспасөз тарихы. Ол өз еңбектерінде аудандық және облыстық газеттердің қалыптасуын қарастырды; кеңестік кезеңдегі БАҚ-тың идеологиялық қызметін салыстырды; еліміздің тәуелсіздік кезеңіндегі ақпараттық трансформацияны ғылыми тұрғыда жүйеледі. Қылышбай Сүндетұлы аймақтық баспасөзді тек ақпарат құралы ретінде емес, әлеуметтік институт ретінде қарастырады. Бұл оның зерттеулерінің әдіснамалық жаңалығы болып табылды.

Қылышбай Сүндетұлы тек ғалым емес, қоғам қайраткері ретінде де белгілі болды. Ол Атырау облысы білім және ғылым қызметкерлері кәсіптік одағы ұйымының төрағасы ретінде ұстаздардың құқықтарын қорғау, еңбек жағдайын жақсарту бағытында белсенді жұмыс жүргізді. Оның баяндамалары мен кездесулерінде мұғалім мәртебесін көтеру; педагогтерді әлеуметтік қорғау мәселелері; білім беру жүйесіндегі реформалар жиі қозғалды.

Қылышбай Сүндетұлының еңбектері қазіргі ғылым үшін бірнеше тұрғыдан маңызды:

Журналистика ғылымы үшін:

- Қазақ журналистикасының теориялық негізін толықтырды;
- Өңірлік БАҚ-ты зерттеу бағытын дамытты.

Тарих ғылымы үшін:

- Жергілікті тарихты ғылыми айналымға енгізді;
- Атырау өңіріндегі тарихи тұлғалардың өмір жолын зерттеді;
- жаңа деректер ұсынды.

«Жақсы адам – қазына» дейді халқымыз. Қылышбай аға да сондай қазына еді. Ол кісіден дәріс алған шәкірттері ел өміріне белсене араласып, қоғамда өз орнын тапқан азаматтар. Олардың алды облыс, аудан әкімдері, белгілі ғалымдар, ұстаздар. Қылышбай ағаның ұрпақ тәрбиесіне арнаған қырық жылдық ұстаздық еңбегі үкімет тарапынан лайықты бағаланды. «Жақсының аты өлмейді, ғалымның хаты өлмейді» деген сөз осындай азаматтарға арналып айтылса керек.

Уақыт өзінің дегенімен жүреді. Қылышбай ағамның дүниеден озғанына жарты жылға таяп қалыпты. «Диірменнің тасындай дөңгелеген дүниенің» мұнша қысқа әрі ұзақ айналатынын кім біледі дейсің... Қалай десек те, өмірдің өтері, пенде атаулының пәниден бақиға, әйтеуір, сағаты соққан сәтте қоныс аударатыны ақиқат. Солай десек те, ажалдың азабына көну, ақиқатын мойындау – ауырдың ауыры екен. Тоқтамға көнетін, тәубеге келгіш халықпыз ғой. Ғылым жолындағы үзеңгілес ағамыздың мәңгілік сапарына сенбей, келіп қалатындай екі көзім төрт болғанымен, уақыт мойындатады екен. Тек бір ғана тәубе ететінім – ағамның артында із қалғаны.

Қылышбай Сүндетұлы – қазақ журналистикасы мен тарих ғылымының тоғысқан тұсында еңбек еткен әмбебап ғалым. Оның ғылыми мұрасы өңірлік тарих пен баспасөз зерттеулерінде маңызды орын алады. Сонымен қатар ол қоғамдық қызмет арқылы білім беру саласының дамуына нақты үлес қосқан тұлға ретінде есте қалады.

Абай ДҮЙСЕНБАЕВ,
педагогика ғылымының кандидаты

Духовное наследие Абая







В стенах нашего механико-математического факультета прошло событие, которое трудно назвать просто «учебным занятием». Открытый урок по дисциплине «Учение Абая», (преподаватель - доцент Мусалы Лайла Жуматайкызы) превратился в масштабную культурно-образовательную встречу, объединившую студентов разных образовательных программ нашего факультета в едином стремлении постичь глубину философии великого казахского просветителя. Это мероприятие наглядно продемонстрировало, что наследие Абая Кунанбаева — это не застывший памятник литературы, а живой, пульсирующий источник мудрости, который находит отклик в сердцах молодежи XXI века.

Центральной темой обсуждения стали три источника творчества Абая, сформировавшие его как уникального философа мирового масштаба. Студенты представили детальное исследование того, как различные культуры сплелись в единый узор его мысли: Казахская народная культура: Устное народное творчество, мудрость степных биев и поэзия акынов стали тем фундаментом, на котором вырос гений Абая; Восточная классика: Творения Фирдоуси, Низами и Навои открыли для него мир глубокой восточной лирики и философии; Русская и европейская культура: Благодаря изучению русского языка и переводам классиков (таких как Пушкин, Гете, Лермонтов), Абай смог интегрировать западную мысль в казахское сознание. Особый интерес вызвал подход к распределению тем. Каждое направление курировала отдельная группа факультета, что позволило будущим математикам и программистам взглянуть на гуманитарное наследие через призму своего системного мышления. Одной из самых эмоциональных и запоминающихся частей урока стали театрализованные постановки.

Студенты не просто пересказывали тексты, они проживали их на импровизированной сцене, облачившись в национальные костюмы для создания аутентичной атмосферы. Группа «Прикладная математика» представила фрагмент из поэмы «Масгут». Ребята сумели передать сложный философский выбор героя и нравственный посыл произведения, заставляя зрителей задуматься о жизненных путях и приоритетах. Группа «Вычислительные науки и системы» перенесла аудиторию в эпоху традиционного казахского правосудия, разыграв сцену «Суда биев». Студенты продемонстрировали, как мудрость и справедливость народных судей помогали разрешать самые запутанные конфликты. Группа «Математика» обратилась к мировому контексту, показав отрывок из «Евгения Онегина» А.С. Пушкина. Это напомнило всем присутствующим о титаническом труде Абая-переводчика, который сделал русскую классику близкой и понятной своему народу. Высокий уровень подготовки отметили и гости урока, среди которых была заместитель декана по учебной работе Айгерим Куандыковна Сахаева и кураторы групп. Они подчеркнули, что студенты проявили не только глубокие знания теоретического материала, но и недюжинные творческие способности. Проведение подобных открытых уроков выполняет сразу несколько важнейших задач: Глубокое погружение в корни: Студенты изучают духовный код нации не по учебникам, а через сопричастность; Развитие Soft Skills: Навыки публичных выступлений, командная работа и креативное мышление — это то, что необходимо современному специалисту в любой области; Воспитание ценностей: Идеи Абая о стремлении к науке и духовному развитию становятся ориентиром для нового поколения.

Открытый урок стал ярким примером того, как классическое образование может гармонично сочетаться с творчеством и живым диалогом. Наследие Абая — это мост между прошлым и будущим, и, судя по энтузиазму студентов, этот мост сегодня крепок как никогда. Мероприятие оставило после себя вдохновение и твердую уверенность: пока молодежь читает, ставит спектакли и спорит об идеях Абая, его учение будет продолжать жить и менять мир к лучшему.

Сауле МАУСУМБЕКОВА,
ассоц. профессор,
зав. кафедры математическое
и компьютерное
моделирование

Самат ЖУСИП,
студент 1-го курса ПМ-25-3

В этом году исполняется 130 лет со дня рождения народного артиста театра и кино Казахской ССР, Героя Социалистического труда, лауреата Сталинской премии Кожамкулова Серали. Серали Кожамкулов родился 5 мая 1896 года в ауле №13 Тургайской области Российской империи (ныне Карабалыкский район Костанайской области). В 1913–1916 гг. Кожамкулов Серали учился в татарской школе «Уазифа» в Троицке Оренбургской губернии (ныне Челябинская область). В 1920–1922 гг. студент филологического факультета Татарского института Народного образования.

Великий артист театра и кино Казахской ССР



Одновременно с учёбой Серали Кожамкулов активно участвовал в художественной самодеятельности, выступал на любительской сцене, а затем-в труппе любительского театра «Қызыл керуен» (Красный караван) в Оренбурге. В 1925 году Серали Кожамкулова пригласили как режиссёра во вновь организованный первый профессиональный казахский театр в Кзыл-Орде (ныне Казахский государственный академический театр драмы им. М.О.Ауэзова). Официальное открытие Казахского национального драматического театра в Кзыл-Орде состоялось 13 января 1926 года. В этом году исполняется 100 лет Казахскому государственному академическому театру драмы им. М.Ауэзову.

В состав труппы первого профессионального театра вошли около трёх десятков актёров, с именами которых связаны история и становление казахского кино и театрального искусства: их имена Елубай Омирзаков, Капан Бадыров, Серали Кожамкулов, Курманбек Жандарбеков, Амре Кашаубаев, Калибек Куанышбаев и др. Первые большие гастроли Кызыл-Ординского театра начались в мае 1926 года. В первой постановке С.Кожамкулова 13 января 1926 года презентовали первую пьесу «Алтын сакина». Нужно отметить, что благодаря усилиям Серали Кожамкулова на сцене Кызылординского театра также были поставлены пьесы Мухтара Ауэзова «Бәйбіше-тоқал», «Халық мектебі», «Женитьба» Николая Гоголя и др. Первопроходцем театрального искусства в Казахстане является Жумат Шанин. Жумат Шанин-талантливый режиссёр и драматург. Трагедия «Қаракөз» была написана М.Ауэзовым в 1925 году. Впервые зритель познакомился с ней в Кзыл-Орде в постановке Курманбека Жандарбекова. Пронзительную историю о любви и разлуке, борьбе между чувством и долгом, личным и общественным представили на сцене Зура Атабаева (Каракоз), Курманбек Жандарбеков (Сырым), Иса Байзаков (Нарша), Серали Кожамкулов (Жабай).

В 1930-ые годы особенно раскрылось актёрское дарование С.Кожамкулова, с этих пор он полностью посвятил себя игре на сцене. Дальше он активно стал сниматься в кино, внеся достойный вклад в развитие национальной кинематографии. С.Кожамкулов снялся в 22 фильмах. Фильм «Наш милый доктор», выпущенный киностудией «Казахфильм» в 1957 году. Премьера состоялась в марте 1958 г. в Алма-Ате. В фильме снялись такие артисты: Юрий Померанцев, Ермек Серкебаев, Бибигуль Тулегенова, Роза Исмаилова, Серали Кожамкулов и др. Самой яркой ролью С.Кожамкулова является в фильме «Наш милый доктор». В роли актёра С. Кожамкулова сыграны в таких фильмах, как «Песни степей», «Песни Абая», «Огни Баку», «Поэма о любви», «Девушка-джигит», «Безбородый обманщик». В июне 1928 года состоялись последние большие гастроли театра, после которых труппа не вернулась в Кызыл-Орду. Завершив гастроли в Алма-Ате, свой следующий театральный сезон артисты начали в новой столице Алма-Ате.

«Шам түбіндегі шындық»: Новый историко-драматический сериал на телеканале «Qazaqstan», посвящённый Национальной культуре и истории искусства. В трёхсерийной картине зрители узнают об истории первого национального казахского театра, основанного в 1925 году в Кызылорде-столице Казахстана того времени, а также о значительном вкладе известного режиссёра Жумата Шанина в становление и развитие театра в период его переноса в Алматы. В сериале показана роль казахской делегации, в которую вошли такие выдающиеся личности, как Калибек Куанышбаев, Куляш Байсеитова, Серали Кожамкулов и др. Авторами сценария сериала являются Мухамед Мамырбеков, Жансерик Куттыбаев, Данияр Кумисбаев. Режиссёром-постановщиком сериала выступил Жасулан Пошанов. Юного Жумата Шанина сыграет Галим Османов, а взрослого-Азамат Ескулов. В роли Серали Кожамкулова зрители увидят Жандаулета Батая, роль Куляш Байсеитовой исполнит Инабат Ризабекова.

За заслуги в развитии профессионального театрального искусства Серали Кожамкулов награжден орденами и медалями, он лауреат различных премий СССР и Казахской ССР. Его творчеству посвящён документальный фильм «Серке Кожамкулов», режиссёром этого фильма является Каменский Алексей Владимирович. Картина снята киностудией «Казахфильм» им. Ш.Айманова по заказу Министерства культуры и спорта РК. Союз кинематографистов Казахстана с целью оценки качественного уровня развития национального кинематографа учредили в 2007 году Национальную кинопремию «Кулагер». В 2019 году в номинации «Лучший документальный фильм» победу одержала картина казахстанского режиссёра Каменского Алексея Владимировича «Серке Кожамкулов».

В 1981 году Жезказганскому казахскому музыкально-драматическому театру присвоено имя Народного артиста Казахстана Серали Кожамкулова.

Жанар МУСУЛЬМАНОВА,
библиотекарь-менеджер
Библиотека Фараби

Қоғамдық пәлсапалық һәм танымдық тұрғыдан қарағанда «адам» ұғымы аса күрделі. XI ғасырда өмір сүрген түрік ғұламасы Мәулана Руми: «Адамның болмысы – ішінде әртүрлі аңдар мекендейтін орманға ұқсас. Біздің бойымызда таза-лас, жаман-жақсы, имани-хайуани сияқты мыңдаған қасиет бар. Егер ішкі жан шаһарында қасқыр үстемдік ете бастаса, адамның қасқырға айналғаны. Жақсылықтар мен жамандықтар да жасырын жолдармен жүрекке құйылып тұрады. Сәт сайын адамның жүрегінде бір нәрсе бас көтереді. Сол себепті адам кейде періште, кейде шайтани сипатқа айналып отырады», – деген екен.

Адамның болмысын айқындайтын маңызды көрсеткіш

Сол секілді әйгілі философ Марк Орэл өзінің «Ойлар» атты кітабында: «Күнде таңертең адамдар арасына барып қосылғанда: бүгін мен адам бейнесіндегі кейбір жыртқыштармен кездесем, оларды ызаландырмай, өзім таланбай, үйіме аман-есен оралуым керек» деген пайым ұстанам», – дейді.



Ал көне қытай ойшылдары адамнан адамның айырмасы жайлы түрлі пікірлер айтқан. Мысалы, данышпан Конфуций адам баласының қасиетін үш топқа жіктеп: дана адам – асып-таспайды, жақсы адам – күй талғамайды, батыл адам – қорықпайды десе, ал Чжан Цзы өзінің арғы тегінен ажырамаған адам – аспан адамы, рухани бастауынан бөлінбеген адам – қасиетті адам, шындықтан бөлінбеген адам – кемел адам деген тұжырым жасаған. Тағы да даналық өсиеттерде:

«Ештеңе білмейтін, бірақ ештеңе білмейтінін түсінбеген адам – ақымақ. Оны айналып өт.

Ештеңе білмейтін, бірақ өзінің ештеңе білмейтінін түсінген адам – шәкірт. Оған ілім үйрет.

Барлығын білетін, бірақ білгенін іске асырмайтын адам – ұйқыдағы жан. Оны оят.

Барлығын білетін, білгенін іске асыратын адам – данышпан. Оны ұстаз тұт», деген екен.

Еуропалық ілім иелері, адамның адами қасиетін көп жағдайда тұрмыстық-әдеуметтік, мәдени құбылыстар арқылы бағалаған. Мысалы, неміс философы А.Шопенгауэр адамдарды туабітті бекзада, қалталылар, таланттың тектілігі деп үшке бөлсе, орыс жазушысы Л.Толстой «пенде баласы үшін даналыққа (адами ұлы қасиетке) жетудің үш жолы бар. Біріншісі – ой арқылы жету, бұл – шапағатты жол, екіншісі – тәжірибе арқылы жету, бұл – ауыр жол, үшіншісі – еліктеу арқылы жету, бұл – ең жеңіл жол» деген.

Жалпы, адамнан адамның артықшылығы туралы мұсылман ілім иесі Ә.Мұртада пенде баласын үш топқа бөліпті. Ол «Бірінші – раббани ғалымдар, екінші – құтқарылу жолына түскен ілім іздеушілер, үшінші – әркімге еліктеп өзін нұрландыра алмаған тобыр» деген ой білдірген.

Ал шығыс данасы әл-Фараби адамды кемелдендіретін екі нәрсе: олар, тәрбие мен білім деген. Тіпті «Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы» деп, білімнің өзі бейтарап екенін, ал оны адамгершілікпен, ізгілікпен ұштастырмаған жағдайда ол қоғамға зиян келтіруі мүмкін екенін ескерткен. Яғни тек білімді болу жеткіліксіз, ең бастысы – сол білімді қалай және қандай мақсатта қолдана білуде.

Қазіргі заман тұрғысынан бұл өсиет ерекше өзекті: технология мен ғылым дамыған кезеңде тәрбиесіз, жауапкершіліксіз қолданылған білім қауіп көзіне айналуы мүмкін. Сондықтан, әл-Фараби ілімі бойынша, білім мен тәрбие қатар жүргенде ғана кемел тұлға қалыптасады. Барлық адам бірдей мүмкіндіктерге ие болмауы мүмкін, алайда әркім өз таңдауына жауап береді. Бір адам қиындықты сылтау етсе, екіншісі оны даму мүмкіндігі ретінде қабылдайды. Нақты әрекетке көшу, жауапкершілікті өз мойнына алу – тұлғаның кемелденуінің белгісі.

Адамдарды бір-бірінен ерекшелендіретін ең негізгі фактор – олардың құндылықтары. Біреу үшін адалдық пен жауапкершілік бірінші орында тұрса, енді біреу үшін жеке табыс пен бедел маңызды болуы мүмкін. Құндылықтар адамның шешім қабылдауына, өмірлік бағытына және қоғамдағы орнына тікелей әсер етеді.

Қазіргі әлемде технология дамып, ақпарат қолжетімді болған сайын адамдар бір-біріне ұқсай түскендей көрінеді. Дегенмен шын мәнінде әр адам – қайталанбас тұлға. «Адамның адамнан айырмасы неде?» деген сұраққа жауап іздеу – қоғамның рухани дамуы үшін аса маңызды болуда. Адамның ойлау тәсілі – оның болмысын айқындайтын маңызды көрсеткіш. Сыни ойлай алатын, ақпаратты талдап, себеп-салдарын түсінетін адам кез келген жағдайда дұрыс бағдар таба алады. Ал үстірт ойлау мен дайын пікірге сүйену тұлғалық дамуды шектейді. Осы тұрғыдан алғанда, яғни ойлау мәдениеті мен таным деңгейі, білім мен үздіксіз ізденіс – адамдықты айқындайтын факторлар.

Адамның адамнан айырмасы сыртқы келбетінде немесе әлеуметтік мәртебесінде емес, оның басқаға деген қарым-қатынасынан көрінетін нағыз адамдық қасиеттер – эмпатия, өзгені түсіне білу, қоғамға пайда келтіруге ұмтылу, яғни, ойлау тереңдігінде, құндылық таңдауында, жауапкершілігінде және адамгершілік ұстанымында. Қоғамның тұрақты дамуы дәл осы қасиеттерге сүйенеді. Осындай қасиеттерді дамыту арқылы ғана жеке тұлға да, тұтас қоғам да биік деңгейге көтеріле алады.

Қазақ ойының биік шыңы А.Құнанбаев адам болмысының мәнін терең ашып, «адамның адамнан айырмасын» анық көрсеткен ұлы ойшыл. Адамды адам ететін үштаған – ақыл, қайрат, жүрек. Ақыл – дұрыс ойлау мен танымның негізі, қайрат – әрекет пен табандылықтың көзі, ал жүрек – мейірім мен адамгершіліктің өлшемі. Осы үшеуінің үйлесімі бар адам ғана толық адам бола алады. Ал олардың біреуінің жетіспеуі адамды рухани тұрғыдан кемелсіз етеді.

Абай адам мінезінің қалыптасуына ерекше мән берген. Ол мақтаншақтықты, еріншектікті, надандықты сынға ала отырып, адам өзін тәрбиелеуі тиіс екенін ескертеді. Өз мінезін түзей алған адам ғана өзгеден озады. Осы тұрғыдан алғанда, адамның адамнан айырмасы – оның жауапкершілік деңгейінде.

«Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп» деген өсиет кез келген заманда маңызын жоғалтпайды. Сондықтан адам болудың ең жоғары сатысы – адамгершілік деген. Өз пайдасынан бұрын елдің, қоғамның игілігін ойлайтын адам – нағыз кемел тұлға.

Абай ілімі бойынша, адамның адамнан айырмасы байлықта немесе атақта емес. «Ғылым таппай мақтанба» деп айырманың нақты өлшемі – білім мен еңбек деген. Білімсіздікті ең үлкен кемшілік ретінде көрсетеді. Адамды адамнан ажыратын басты белгі – оның білімге, еңбекке деген көзқарасы. Ол – ақылдың тереңдігінде, еңбектің адалдығында, жүректің тазалығында. Абай өсиеттерін өмірлік ұстанымға айналдырған тұлға ғана шынайы «толық адам» дәрежесіне көтеріле алады. Бір адам уақытын бос өткізіп, жеңіл жолды іздесе, екіншісі үздіксіз үйреніп, еңбегі арқылы қоғамға пайда келтіреді. Бұл айырмашылық жеке тағдырға ғана емес, тұтас ұлттың дамуына әсер етеді.

Мәнсия ӘСЕМБАЕВА,
Жылуфизика және техникалық физика кафедрасының доценті



Көркем шындық пен тарихи ізденісті тоғыстырған іргелі зерттеу

Қазақ әдебиетінде тарихи шығармалар көп болғанымен, халық жадындағы ұмытылған жараны дәл Бақтылы Боранбаевадай нәзік, сезімтал, дәлелді һәм көркем тілмен жеткізген еңбектер сирек. «Капустин Яр әскери полигоны: қазақ депортациясы» кітабы – тек ғылыми зерттеу емес, көркем шындық пен тарихи ізденістің тоғысқан жаңа әдеби формасы. Бұл шығарма – қазақ тарихында бұрын зерттелмеген ішкі депортация фактісін алғаш жүйелі зерттеген еңбектің бірі.

Кітап Екінші дүниежүзілік соғыс аяқталып, АҚШ пен КСРО «қырғи қабақ шайқасқа» дайындалып жатқандығын, соның әсерінен тұңғыш мектеп, тұңғыш баспа бастау алған Бөкей ордасы әскери полигонға айналып, «жойылған аудан» феноменін қалыптастырған тарихи фактілерден басталады. Капустин Яр полигонында Хиросимадағы атом бомбасынан 65 есе күшті 11 әуе жарылысы болған екен. Еңбектің жазылуына сол сынақ алаңында 12 жасында қиындық куәсі болған Бақтылы Боранбаеваның әкесі, оның «Елім-айлаған» сағыныш зары себеп болған.

Автор оқырманды тек архивке ғана емес, адам тағдырына, ішкі әлемге, туған жермен қоштасқан қазақтың мұңды жанайқайына жетелейді. Сол себепті кітаптың ғылыми сипаты басым болса да, оның ішкі құрылымы, баяндау мәнері, тілдік өрнегі нағыз әдеби шығарманың көркемдік қуатына ие. Депортация құрбандарының әңгімелері келтірілген жерлерде автор қосымша түсіндіруді азайтып, сөзді тарихтың өзіне береді. Бұл тәсіл оқырманға оқиғаның куәгері болып отырғандай әсер қалдырады. Автордың тілі бір мезгілде әрі ғылыми, әрі көркем. Тарихи деректер нақты, дәл, айқын берілсе, куәгерлердің әңгімелері арқылы мәтіннің эмоциялық қуаты артады.

Кітаптың әдеби құндылығы өмірден алынған детальдарда жатыр: пойызға тиелген балалардың жылаған дауысы; жолда өлген адамдардың бір-бірінің үстіне үйіліп қалуы; аптап ыстықта шөлден, аурудан мерт болған жерлестер. Мәселен, «Жетпіс жасқа жақындап қалған атам сол бес жүз шақырым жерден көшіп келгенше «Құдайым, маған өзге жердің топырағын бастырмашы!..» деп жылап келген еді. Сол тілегі орындалды ма, үлкен әскери машинадан түсіп жатқан кезде атам құлап, аяғын сындырып алды да, бір айдан кейін қайтыс болды», – деген сынды естеліктер оқырманға шынайы картинаны көзсіз көруге мүмкіндік береді. Жазушы архивтерді ақтара отырып, Капустин Ярды Семей, Байқоңыр полигондарымен салыстыра қымқуыт астарларын қопара көрсетеді.

Қорытындылай келе, Бақтылы Боранбаеваның «Капустин Яр әскери полигоны: қазақ депортациясы» кітабы – тарихи шындықты қалпына келтіруге бағытталған, дерекке бай, әдістемесі жетілген, ғылыми жаңалығы айқын, ұлттық маңызы зор іргелі зерттеу.

Бинұр ЖҰМАҒАЛИЕВА,
«Қазақ тілі және әдебиеті» мамандығының 3-курс студенті

Қазақстандық ЖОО-ның алғашқы шетелдік филиалы

Басы 2-бетте































ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры
Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ

Ақпарат және коммуникациялар департаментінің директоры
Қаншайым БАЙДӘУЛЕТ

Бас редактор: Гүлнар ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ
Жауапты хатшы-дизайнер: Талғат КІРШІБАЕВ
Тілшілер: Қайыржан ТӨРЕЖАН, Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ
Фототілші: Марат ЖҮНІСБЕКОВ
Корректор: Күләш ҚАДЫРБАЕВА

Газет 1994 жылдың 7 ақпанында Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігінде тіркеліп, № 1242 куәлігі берілген

МЕКЕНЖАЙЫ:
- 050040, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 3-қабат, №305, 307 бөлме. Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 32-27, 32-28, тікелей: 377-31-48.
- Электронды мекенжай: **kaznugazeta@gmail.com**
- Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Алматы-Болашақ» АҚ баспаханасында басылды.

Кезекші редактор: Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ

Бағасы келісім бойынша.
Газетке жазылу индексі: 64787
Таралымы – 2000
Тапсырыс №1888

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Qazaq universitetine» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.